

ISSN 1999-4214 (print)  
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

# ХАБАРШЫСЫ

---

---

**ВЕСТНИК**

ЕВРАЗИЙСКОГО  
ГУМАНИТАРНОГО  
ИНСТИТУТА

**BULLETIN**

OF THE EURASIAN  
HUMANITIES  
INSTITUTE

№4/2024

Жылына 4 рет шығады  
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год  
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year  
Began to be published in 2001

Астана, 2024

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
философия докторы (PhD)

#### Редакция алқасы

<b>Аймұхамбет Ж.Ә.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Ақтаева К.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
<b>Әбсадық А.А.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
<b>Есиркепова К.Қ.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Жүсіпов Н.Қ.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
<b>Курбанова М.М.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
<b>Қамзабекұлы Д.</b>	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Құрысжан Л.Ә.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
<b>Онер М.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
<b>Пименова М.В.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
<b>Сенмез О.Ф.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Токал Газиосманпаша университеті, Токал, Туркия

**Редакцияның мекенжайы:** 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4  
**Телефон/факс:** (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.  
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»  
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022  
Басуға 24.12.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60\*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.  
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89  
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**  
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова

#### Редакционная коллегия

<b>Аймухамбет Ж.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Актаева К.</b>	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
<b>Абсадық А.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
<b>Есиркепова К.К.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Жусипов Н.К.</b>	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
<b>Курбанова М.М.</b>	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
<b>Камзабекулы Д.</b>	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Курсыжан Л.А.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
<b>Онер М.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
<b>Пименова М.В.</b>	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
<b>Сенмез О.Ф.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

**Адрес редакции:** 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4

**Телефон/факс:** (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 24.12.2024 ж. Формат 60\*84 1\8. Бум. Типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

#### Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkerova K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
- Senmez O.F.** (PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

**Editorial address:** 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

**Tel/Fax:** (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 24.12.2024 Format 60 \* 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

## МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

### ТІЛ БІЛІМІ / ЯЗЫКОЗНАНИЕ / LINGUISTICS

АКИЖАНОВА Д.М., ОМАРОВА А.С., ЧЕШМЕДИЕВА-СТОЙЧЕВА Д.С.	Вопросы межъязыковой передачи топонимов Республики Казахстан	7
АҚЖІПТОВА А.О., САЛҚЫНБАЙ А.Б., СӘРСЕНБАЙ Ж.А.	Абай өлеңдеріндегі окказионалды субстантиваттар	18
АУБАКИРОВА А.Е., ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш., ЖУАНЫШПАЕВА С.Ж.	Новые термины на казахском языке: история и опыт	32
ӘЛІСЖАН С.Қ.	Термин қалыптастырудың өзекті мәселелері	44
БЕКЕНОВА Г.Ш.	Тұрақты тіркестердегі «төрт түлік мал» концептісі	53
ДАВЛЕТОВА С.Е., БИЖКЕНОВА А.Е.	Вернакулярлық контенттерді жер атауларында қолдану және оның тілдік-танымдық ерекшеліктері	61
ДОЛДИНОВ С.А. ЖУСУПОВА Г.М. ВЕРБА Е.А.	Аргументация и убедительная речь в политике Казахстана	76
ЖАКУПОВ Ж.А., ТҮЙЛЕБАЕВА Қ.Б.	Сөз семасиологиясындағы синергетика	88
ИБРАЕВА М.Б.	Постсубмәдениет өкілдерінің тілдік бейнесі	98
ISKAKOVA G.ZH., RYSPAYEVAD S.	Language and emotions: emotional lexicon in a literary text (based on the works of A. Kekilbayev, Ch. Aitmatov)	107
ИСПАНДИЯРОВА А.Т.	Қазақ халық лирикасындағы когнитивті метафораның семантикалық сипаты	121
SAGIDOLDA G., RAINBEKOVA G.S.	On lexicography of antonyms in the kazakh language	130
ТҮРҒАНБАЕВА Қ.М., САРЕКЕНОВА Қ.Қ.	Қазақ-түрік тілдеріндегі баланың дүниеге келуіне қатысты фразеологизмдердің этнографиялық сипаты	138
УРАЗАЕВА Қ.Б., ЖАРҚЫНБЕКОВА Ш.Қ.,	Языковая личность бия и эффективная коммуникация	147
ЕРІК Г.		

### ӘДЕБИЕТТАНУ / ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ / LITERATURE STUDIES

АБДРАСИЛ Н.С., ЖАПАРОВА А.Ж.	Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» повесіндегі метафораларды салыстырмалы талдау (түпнұсқа және аударма нұсқалары негізінде)	158
АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., ДАУЫЛБАЙ М.	Әбіш Кекілбайдың «Ханша-дария» хикаясындағы Гүрбелжін бейнесі	171
АСАН Н.Б., ХАЛИКОВА Н.С.	Әлішер Рахаттың «Параллель» романының қазіргі қазақ прозасының дамуындағы орны	179
БАЙТУРИНА У.К.	Русский социализм Н.Г. Чернышевского и русская идея Ф.М. Достоевского	189

КӘРІМХАН З.Т., ӘУБӘКІРОВА Қ.Ә., ТОҚТАРБАЙ Е.Н. МАНСУРОВА Ә.Ж. ОРДА Г.Ж.	Қазақ әдебиетіндегі мемуаристика. Отыншы Әлжанұлы жазған қазанама естелік ретінде	199
НЕСИПБЕКОВА А.С., СМАГУЛОВ Ж.К.	Мағжан мен Сәкен: тұлғалар тұтастығы	216
СҰЛТАНҒАЛИЕВА Р.Б., БІРЛЕСОВА Б.Б.	Қазақ әңгімелеріндегі бақсы сарыны	225
TASNEKOVA A.T., ZHURUSSOV N.K., SHARAUOV A.K	Ideological and thematic basis of children's folklore in the research of Bekmurat Uakhatov	238
ТУРСЫНХАНОВА Қ.Қ., МУКАЖАНОВА Р.М. *ХУСАИНОВА А.К.	Шәкәрімнің ақындық кітапханасы Түркі фольклорындағы «әйел» бейнесінің гендерлік аспектісі	249 260

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ /  
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ /  
METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

JANDILDINOV M.K., ZHAPAROVA A.ZH., TUSSUPBEKOVA M. ZH.	The role of online resources in the process of english learning	270
КЕРІМБЕКОВА Б.Д. ОТАРБАЕВА Ғ.Н.	Әдебиет сабағында оқушылардың креативті ойлауын қалыптастыра отырып шығармашылыққа баулу жолдары	281
ҚУАНБАЕВА Ж.С., БАЙҒҰТОВА Д.Н., ИБРАГИМОВА У.Б.	Цифрлық білім беруде геймификация оқытудың жаңа тәсілі ретінде	291

Қ.Қ. ТҰРСЫНХАНОВА<sup>1</sup> Р.М. МҰҚАЖАНОВА<sup>2</sup> 

«Alikhan Bokeikhan University» БМ, Семей, Қазақстан <sup>1,2</sup>  
(e-mail: [kuralai\\_tursynhanova@mail.ru](mailto:kuralai_tursynhanova@mail.ru), [raushan-09@mail.ru](mailto:raushan-09@mail.ru))

## ШӘКӘРІМНІҢ АҚЫНДЫҚ КІТАПХАНАСЫ

**Аңдатпа.** Мақаланың басты міндеті – Шәкәрім шығармашылығына Батыс пен Шығыс әдеби дәстүрлерінің ықпалын жан-жақты саралау және олардың өзара үйлесімділігін терең зерделеу. Бұл мақсатты жүзеге асыру барысында Шәкәрімнің көркемдік әлемінің қалыптасу генезисі қарастырылып, оның қазақтың бай фольклорлық мұрасы, халықтық поэзия, жыраулық өнер және классикалық Шығыс поэзиясына тән дәстүрлі элементтерді қалай игеріп, шығармашылық тұрғыдан қайта өңдегені ғылыми тұрғыда зерттелді.

Зерттеудің ғылыми және практикалық маңыздылығы – Шәкәрімнің әдеби мұрасындағы бұрынғы дәстүрлерді жаңаша игеру шеберлігін ашу және осы қайнарлардан алынған көркемдік элементтерді өзінің бірегей шығармашылық көзқарасымен байыта отырып, жаңа сападағы туындылар жасау әдістерін анықтауда жатыр. Мақалада Шәкәрім мен Шығыстың ұлы ақыны Сағди шығармаларындағы сюжеттік алмасу дәстүрлері мен олардың Шәкәрімнің поэзиясындағы интерпретациясы терең талданды. Сонымен бірге, ақынның шығармаларында бейнеленген қоғам мен уақыт, адам мен заман мәселелері, олардың өзара байланысы мен осы негізде туындаған әлеуметтік құбылыстар, сондай-ақ ақынның сол құбылыстарды бейнелеудегі жеке ұстанымы мен авторлық идеяларының ерекшеліктері егжей-тегжейлі қарастырылды.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі ретінде Ә. Тәжібаев, Ш. Сәтбаева, М. Мағауин, Б. Әбдіғазиев және басқа да беделді ғалымдардың тұжырымдары мен көзқарастары пайдаланылды. Зерттеу нәтижесінде Шәкәрімнің шығармаларындағы, әсіресе эпикалық поэзия саласындағы туындыларында тарихилық пен кеңістік-уақыттық мәселелердің қалайша көрініс тапқаны, оның көркем ойлау жүйесі арқылы түсіндірілді. Зерттеу барысында аналитикалық, бақылау, фактіге негізделген материалдарды сараптау, сипаттау, компоненттік талдау және тілдік жағдаяттарды үлгілеу сияқты әдіс-тәсілдер қолданылды.

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы – осы мақаланы жоғары оқу орындарындағы шәкәрімтану пәндері бойынша дәрістер мен семинарларда қосымша оқу құралы ретінде қолдану мүмкіндігіне негізделеді. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері Шәкәрім шығармашылығын тереңірек түсініп, оның көркемдік мұрасының қазіргі әдебиеттанудағы орны мен маңыздылығын жаңа қырынан айқындауға септігін тигізеді.

**Түйін сөздер:** Шәкәрім шығармашылығы, шәкәрімтану, Шәкәрімнің ақындық әлемі, Шәкәрімнің жазушылық әлемі, Шәкәрімнің аудармашылық әлемі, Шәкәрім философиясы, «Ләйлә-Мәжнүн» дастаны, Шәкәрім аудармалары.

**Кіріспе.** Шәкәрімнің ақындық, ойшылдық және жазушылық қабілеттері жайдан-жай пайда болған жоқ; оларды қалыптастыруға әсер еткен тарихи және мәдени контекст терең әрі көпқырлы болды. Шәкәрімнің шығармашылық және рухани дамуы оның өмір сүрген дәуірінің ұлттық мәдениетінің бай дәстүрлерімен тікелей байланыста өрбіді. Мұхтар Әуезовтің сөздерін келтірсек, «... дана ақынның өз халқынан және жалпы адамзаттың өнер-

ой байлығынан алған үш үлкен салалы түп-төркіні барын байқаймыз» [1, 37]. Бұл түп-төркіндер Шәкәрімнің шығармашылық мұрасының негізін қалады, өйткені ол Абайдың үлгісін алып, қазақтың ауыз әдебиеті, Шығыс поэзиясы мен Еуропа мәдениетінен рухани азық алды.

Шәкәрімнің дүниетанымы мен шығармашылық ізденістері осы үш үлкен мәдени ағымның тоғысында қалыптасты. Оның алдында тұрған бай әдеби және философиялық мұралар, Абайдың ұлы ақындық дәстүрі мен көркемдік ұстанымдары, Шәкәрімнің өзіне тән ерекшеліктерін дамытуда маңызды рөл атқарды. Ол осы дәстүрлерді терең зерттеп, бойына сіңіре отырып, өз шығармашылық жолын қалыптастырды. Шәкәрімнің шығармалары осы мәдени мұралардың синтезін ұсынады, оның әрбір туындысы өткеннің рухани байлығын қазіргі уақытпен байланыстырып, жаңа мазмұнмен байытады. Осылайша, Шәкәрімнің поэзиясы мен философиясы ұлттық және әлемдік мәдениеттің терең үндесуін, олардың синтезін көрсетеді.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Бұл мақалада Шәкәрім шығармашылығын түсіндіру мен талдау үшін герменевтикалық талдау мен салыстырмалы зерттеу әдістері пайдаланылды. Герменевтикалық әдіс Шәкәрімнің шығармаларын тереңірек түсінуге, олардың мағыналық қабаттарын ашуға бағытталған, ал салыстырмалы зерттеу әдісі оның шығармаларының Шығыс және Батыс әдебиетімен үндестігін, байланыстарын және ықпалын анықтауға мүмкіндік берді. Шәкәрімнің шығармашылық тұлғасын зерттеу барысында оның поэзия, проза және көркем аударма салаларындағы туындыларына тән әдеби дәстүрлерге негізделген көркемдік ерекшеліктер мен тақырыптық бағыттары терең ғылыми талдауға алынады. Зерттеу мақаласы Шәкәрімнің ақындық, жазушылық және аудармашылық шеберлігін, сондай-ақ оның философиялық және тарихи көзқарастарын, біртұтас көркемдік-эстетикалық құбылыс ретінде қарастыруды мақсат етеді. Шәкәрімнің көпқырлы шығармашылық әлемі – оның поэтикалық дарындылығы, прозалық шеберлігі және аудармашылық жаңашылдығы, сондай-ақ оның дүниетанымы мен философиялық тұжырымдары – өзара тығыз байланыстағы бірегей және күрделі құрылым ретінде зерделенеді.

**Талқылау мен бақылау.** Шәкәрімнің шығыс әдебиетінің терең ықпалын сезінгенін дәлелдейтін маңызды белгі – оның шығармаларында шығыс ойшылдарының есімдерін жиі еске алуы және олардың поэзиялық бейнелерін өзінің туындыларымен терең байланыста жырлауы. Мысалы, Шәкәрімнің шығармашылығында Фирдоуси мен Сағди дастандарында әділдігімен танылған Ануширван кейіпкері, Наушеруан есімімен белгілі болып, әділдік пен мейірімділіктің символы ретінде көрінеді. Бұл детальдар, алғаш қарағанда болмашы ғана көрінгенімен, Шәкәрімнің шығыс әдебиетінің інжу-маржандарын терең бойлағанын көрсетеді.

«Ләйлә – Мәжнүн» дастанының кіріспесінде Шәкәрім Физулидің есімін ерекше бір құрметпен атайды. Ол мұнымен ғана шектелмей, шығыс әдебиетінің ұлы өкілдері – Науаи, Сағди, Шәмси, Физули, Сайқали, Қожа Хафиз, Фирдоуси сынды тұлғаларды да атап өтеді: «Науаи, Сағди, Шәмси, Физули бар, Сайқали, Қожа Хафиз, Фердаусилар... Бәйітші елден асқан шешен болып, Әлемге сөздің нұрын жайған солар» [2, 349]. Бұл ұлы есімдер мен олардың шығармалары Шәкәрім үшін рухани кемелдену мектебі болды. Ол осы шығыстың әдеби мұраларын іздеп тауып, оларды оқып, санасына сіңіріп, солардың нәрін алып, өз шығармашылық әлемін байытты. Шәкәрімнің «Қорқыт, Қожа Хафиз түсіме енді де...» [2, 222] және «Қорқыттың сарыны» [2, 224] атты өлеңдерінде шығыс даналарының рухы мен философиялық тереңдігі айқын сезіледі. Шәкәрім Қожа Хафиздің бірнеше өлеңдерін аударып, шығыс философиясының мәні мен мағынасына терең үңіліп, оны өз танымымен қабылдап, шығармашылығында жаңа қырынан бейнелеген.

Шәкәрімнің шығыс ақындарымен рухани жарысы оның шығармаларында нәзира дәстүрін өз шығармашылық әдісі ретінде қабылдағанын көрсетеді. Бұл дәстүрде ақындар белгілі бір тақырыпты түрлі тұрғыдан жырлап, әрқайсысы өз заманының, өмірлік тәжірибесінің және рухани көзқарасының әсерінен жаңа мазмұнмен байытады. Шәкәрім



де осы дәстүрдің аясында шығыс жыршыларымен өзінше жарысып, шығыс әдебиетіндегі сюжеттерді қазақ поэзиясына лайықтап, жаңа мазмұн мен идеялармен толықтырған. Ол шығыс жырларының классикалық үлгілерін механикалық аударма ретінде емес, қайта оларды өзінің шығармашылық сүзгісінен өткізіп, қазақ оқырманына таныс әрі түсінікті формада ұсынған.

Шәкәрімнің ақындық жолы шығыс әдебиетінің сарында басталғанын оның өз сөзі де дәлелдейді: «Оятқан мені ерте Шығыс жыры» [2, 143]. Жас кезінде жазған «Жастық туралы» [2, 26] және «Жиырма үш жасымда...» [2, 29] өлеңдерінде шығыс поэзиясының нақыштары айқын көрінеді. Бұл өлеңдердегі махаббат сезімін бейнелеу, сұлулықты суреттеу шығыс поэзиясындағы хор қыздарының бейнелерін еске түсіреді. Мысалы, «Гауһардай көзі, Бұлбұлдай сөзі, Жаннан асқан бір пері. Жүзі бар айдай, Мінезі майдай, Өзгеден артық сол жері. Дариядай ақыл мол еді, Жан ғашығым сол еді», – деген жолдарда қыз бейнесі шығыстық үлгіде көркемделгенімен, өлеңнің құрылымы Абайдың «Сегіз аяқ» үлгісінде жазылған. Бұл Шәкәрімнің қазақ өлеңінің құрылымы мен көркемдік өрнегіне қосқан үлесін көрсетсе де, мазмұны шығыс ақындарына тән эстетикалық және философиялық тереңдікке ие.

Шәкәрім шығыс әдебиетінің элементтерін жай ғана көшіріп қоймай, оларды өзінің ішкі әлемімен ұштастырып, жаңа жол тапты. Ол шығыс дәстүрлерін өз поэзиясында қайта тірілтіп, оларды қазақ әдебиетінің өзіндік ерекшелігімен, ұлттық рухымен байытып, тың сападағы шығармалар тудырды.

Шәкәрім қазақ әдебиетіне шығыс пен батыстың рухани қазынасын енгізу арқылы оның аясын кеңейтіп, тереңдеткен кемеңгер тұлға ретінде танылды. Ол Қожа Хафиздің өмір философиясымен сусындаған жырларын, Лев Толстойдың адамгершілікке толы әңгімелерін, Александр Пушкиннің «Дубровский» мен «Боран» туындыларын, шығыстың мәңгілік махаббат символы «Ләйлі-Мәжнүнді», сондай-ақ Гарриэт Бичер Стоудың әлеуметтік әділетсіздікке қарсы жазылған «Том ағайдың балағаны» романын қазақ тіліне аударып, ұлттық әдебиетке қосқан үлесін байытты. Бұл шығармалардың мазмұны мен идеяларының қазақ халқының өмірімен, оның рухани сұраныстарымен үйлесетіндігін түсіне отырып, Шәкәрім оларды қазақ қоғамының мәдениетіне жақындатып, жаңа мазмұнмен өңдеп, ұсынды.

Абайдың әдеби-эстетикалық мектебінен сусындаған Шәкәрім, орыстың ұлы ақыны А.С. Пушкиннің шығармашылығын терең зерттеп, оның туындыларын қазақ тіліне аудару арқылы өз халқының рухани байлығын арттыруға ұмтылды. Шәкәрімнің «Дубровский» мен «Боран» шығармаларына ерекше мән беруі кездейсоқ емес еді; бұл туындылардың адамгершілік, әділеттілік пен ар тазалығы туралы идеялары Шәкәрімнің өмірлік қағидаларымен үндесіп жатты. Шәкәрім өзінің шығармашылығында қазақ қоғамындағы және жалпы адамзат қоғамындағы әділетсіздік пен зұлымдыққа қарсы тұрып, адамның ар-ұяты мен ақыл-парасатын, адамгершілікті, мейірімділікті басты орынға қойды. Бұл идеялар Пушкиннің кейіпкерлерінің өмірі мен олардың моральдық таңдауларынан көрініс тапты, сондықтан Шәкәрім Пушкиннің осы шығармаларын қазақ оқырмандарына жеткізуді маңызды деп санады.

Алайда, Шәкәрімнің аудармалары тек қарапайым тілдік трансформация емес, Абайдың нәзирашылдық дәстүрін жалғастыру жолында жасалған жаңа қадам болды. Абайдың поэзиясынан тәлім алған Шәкәрім Пушкиннің прозалық шығармаларын қазақ жыр дәстүрімен байланыстырып, поэзия тілінде қайта жазды. Бұл шешім оның қазақ қоғамының ерекшеліктерін терең түсінгендігін көрсетеді. Сол кездегі қазақ жұрты қара сөзге де, жыр-дастанға да жақын болғанымен, өлең сөздің әсері, оның халыққа ықпалы күштірек еді. Сондықтан Шәкәрім Пушкиннің прозалық шығармаларын өлең тіліне көшіру арқылы олардың қазақ аудиториясына әлдеқайда жақын әрі түсінікті болуын қамтамасыз етті.

Прозалық жанр оқиғаны баяндауда кең мүмкіндіктер ұсынғанымен, прозаны екінші тілге аударғанда шығармашылық еркіндік көбінесе шектеледі. Аудармашы түпнұсқаның

мазмұны мен идеясын мүмкіндігінше дәл жеткізуге тырысады, бірақ бұл кезде автордың еркіндігі тарылып, шығарманың рухы мен мән-мағынасы жоғалуы мүмкін. Шәкәрім мұндай шектеулерге көнгісі келмегендей, ол түпнұсқаның негізгі идеясын еркін жеткізу мақсатында оқиғаны өз шығармашылық көзқарасымен байланыстырып, жаңа реңктермен байытады. Оның Пушкиннен аударған шығармаларында кейбір эпизодтарды қалдырып кетуі немесе жаңа ойлар қосуы – бұл аударманың кемшілігі емес, қайта Шәкәрімнің шығармашылық еркіндігі мен нәзирашылдық дәстүрге сәйкес туындаған жаңашылдық еді. Шәкәрім түпнұсқаның идеясын сақтай отырып, оны қазақ оқырманына жақындатып, ұлттық дүниетаным мен эстетикалық құндылықтарға бейімдеп қайта ұсынды. Бұл тәсіл, шын мәнінде, Шәкәрімнің ұлттық әдебиетке енгізген тың серпіні болды және оның аудармашылық шеберлігінің шыңы ретінде қарастырылады.

Шәкәрімнің осы екі шумаққа барлық маңызды факторларды сыйғызуы – оның ақындық шеберлігінің жарқын көрінісі. Шәкәрім қазақ халқы үшін А.С. Пушкиннің философиялық прозасын қабылдаудың қиындығын түсінгендіктен, бұл мәселені шешудің шығармашылық жолын табады. Ол Пушкиннің сөздерін дәлме-дәл қайталамайтынын, бірақ сонымен қатар, шығарманың негізгі идеяларын бұрмаламай, шектен шықпайтынын ескертеді. Бұл шешімнің түпкі себебі, біздің ойымызша, қазақ оқырманының прозаға қарағанда өлең үлгісіндегі шығармаларды жеңілірек қабылдайтынын ескеруінде жатыр. Бұл – Шәкәрімнің шығармашылық мұратына жету жолындағы көркемдік тәсілі. Оның осы тәсілінде ежелгі нәзира дәстүріне тән көркемдік бояулар мен ерекше қасиеттер көрініс тапқан.

Шәкәрім шығыс пен батыстың қандай шығармасын аудармасын, ол әрқашан өз шығармаларының қазақ оқырманымен үндесетініне ерекше мән береді. Әртүрлі сюжеттік арналар арқылы өзінің гуманистік және имандылық идеяларын таратып, оларды халқының санасына сіңіруді мақсат етеді. Бұл принципті Шәкәрім 1924 жылы аударған әлем әдебиетінің «Алты әңгіме» топтамасында да ұстанған [2, 463].

Бұл топтамаға Л.Н. Толстойдың «Асархидон-Лаэли», «Үш сауал», «Криз патша» әңгімелері және Қытай елінің өмірінен алынған «Ұждан», «Пан-Жи-Зан хан», «Қолшатыр бұйрығы» атты әңгімелер енгізілген [9, 29]. Автордың бұл топтаманы жасаудағы нақты мақсаты белгісіз болғанымен, әңгімелердің сюжеттік желілері мен идеяларынан олардың барлығы адамгершілік, адалдық, қанағат пен ынсап, ар-ұят және ұждан мәселелерін көтеретінін көруге болады.

Мысалы, «Асархидон-Лаэли» әңгімесінде Ассирия патшасы Асархидон жауынгер Лаэлидің әскерін талқандап, енді оның өзін азаптап өлтірудің түрлі жолдарын ойластырады. Ал «Криз патша» әңгімесінде өзінің сұлулығы мен құдіретіне сеніп, бірақ басына қиындық түскенде осы қасиеттерден еш пайда көрмей, данышпан Салонның ақылына жүгінуге мәжбүр болған Криз патшаның ақыры әділдік пен адалдықтың, қара күштен гөрі ойлы ақылдың құндылығын түсінеді. «Үш сауал» әңгімесінде патша өзінің билігі арқылы шешуге тырысқан имандылық қағидаларын қарапайым өмір сүрген дана тақуадан үйренеді.

Шәкәрімнің осы әңгімелерді таңдап аударуы кездейсоқтық емес. Бұл туындылардың мазмұны оның өз көзқарастары мен рухани мұраттарына сәйкес келеді, және ол оларды қазақ халқының рухани-адамгершілік тәрбиесіне үлес қосу үшін аударды. Шәкәрімнің осы шығармашылық еркіндігі мен нәзира дәстүріндегі жаңашылдыққа ұмтылысы оның аудармаларына өзіндік бірегейлік беріп, оларды ұлттық әдебиетіміздің ажырамас бөлігіне айналдырды.

Адамшылық іздесең, бұл жолға түс,  
Алдау қылма біреуге қиянат күш!  
Жетілсең де жемтік жеп ел зарлатпа  
Ар-ынсаптың сүйгені – таза жұмыс! [2, 479].

«Үш сауалдың» қорытындысындағы осы бір шумақта Шәкәрім мен Толстойдың ойларын жалғастырып жатқан терең рухани-эстетикалық байланыстар айқын көрінеді.

Бұл шумақта екі ойшылдың адамгершілік, имандылық, және адамзаттық құндылықтар туралы ойларының бір арнада тоғысқанын байқаймыз. Олар адамның ішкі дүниесіне, оның рухани жетілуіне ерекше мән беріп, сол арқылы қоғамның өзгеруіне ықпал етуге тырысқан.

Қытай елінің өмірінен алынған үш әңгімеде де осы бағыттағы идеялар жалғасын табады. «Пан-Жи-Зан хан» мен «Қолшатыр бұйрығы» әңгімелерінде қарапайым халыққа зұлымдық жасап, әділетсіздік орнатқан, тек өзінің жеке басының мүддесін ғана ойлайтын адамдар қатты сынға алынады. Бұл әңгімелердегі ұлықтардың бейнелері арқылы Шәкәрім өз ойларын нақтылап, олардың шынайы өмірде де кездесетінін көрсетеді. Ол бұл кейіпкерлерді қазақ қоғамының өмірімен тығыз байланыстырып, заманының әлеуметтік және моральдық мәселелерін ашық көрсеткен. Мейірім, ынсап пен арқосылып ұжданды құрайтындығы Шәкәрімнің өз өлеңдерінен де айқын көрініс табады [7, 479].

Шәкәрімнің бұл аудармалары қазақ оқырманына беймәлім болған оқиғаларды ғана баяндап қоймай, сол оқиғалар арқылы өз халқының өміріне қатысты маңызды мәселелерді қозғайды. Мысалы, өтірік ақпарат беріп, патшасын алдаған немесе парақорлықпен өз мүддесін ғана көздейтін әкімдер мен белсенділердің бейнелері қазақ қоғамына да жақсы таныс. Шәкәрім бұл оқиғаларды аударып қана қоймай, оларды ұлттық санаға жақындатып, қазақ халқының рухани және моральдық қажеттіліктеріне сай етіп ұсынған.

Осылайша, Шәкәрімнің аудармашылық қызметі тек мәтіндік аударма ғана емес, терең шығармашылық процесс болды. Ол аударылған шығармалардың мазмұнын қазақ қоғамының шындығымен тығыз байланыстыра отырып, оларды заманауи оқырманға түсінікті әрі мағыналы етіп жеткізді. Бұл тәсіл Шәкәрімнің аудармашылық шеберлігінің биік деңгейін көрсетіп қана қоймай, оның ұлттық әдебиетке енгізген рухани үлесінің тереңдігін де айқын байқатады.

Шәкәрімнің «Епті тышқан» мысал өлеңінде айтылған ой түйіндері мен жоғарыда талданған әңгімелерде ұсынылған идеялар арасында терең рухани байланыс бар екенін байқау маңызды. Шәкәрім шығыс және батыс әдебиетінің рухани мұрасын қазақ оқырманына түсінікті әрі жақын етіп жеткізу үшін осы танымал әрі қызықты сюжеттерді шебер қолданады, оларды адамгершілікке негізделген өз дүниетанымымен байытады.

«Алты әңгіме» топтамасының көркемдік сипаты олардың түпнұсқаға қарағанда, сөзбе-сөз аударма емес, еркін баяндаудың нәтижесі екенін көрсетеді. Бұл шығармалардағы кейбір әңгімелердің қара сөзбен, ал кейбірінің өлеңмен өрнектелуі Шәкәрімнің көркемдік еркіндігін айқын аңғартады. Ол аударма процесінде тек мәтінді ғана емес, оның идеясын, рухани мәнін де қазақ мәдениетіне сәйкестендіріп, ұлттық танымға жақындатып, қазақ оқырманына түсінікті тілде жеткізуді мақсат етті.

Шәкәрімнің «Бәйшешек бақшасы» атты прозалық топтамасы оның шығармашылық ізденісінің тағы бір дәлелі. 1988 жылы жарық көрген шығармалар жинағында [2, 484] бұл топтамада он бір прозалық миниатюра бар, олардың барлығы дерлік шығыстың ұлы ғұламасы Сағдидің «Бустан» және «Гүлстан» дастандарындағы сюжеттік арналардан алынған. Шәкәрім бұл сюжеттерді жай ғана аударма ретінде қабылдап қоймай, оларды өз философиялық ойларымен толықтырып, жаңа мағыналық реңктер қосады.

Мысалы, Сағдидің «Гүлстан» дастанының екінші бөліміндегі қырық бесінші хикаяда [4, 136] заң зерттеушісінің көріксіз қызы туралы әңгіме баяндалады. Сағди бұл оқиғаны «Сыйықсыз қызға соқыр күйеу керек» деп қорытса, Шәкәрім оны өзге қырынан түсіндіреді. Шәкәрімнің нұсқасында бай адам: «Қызым байдан шыққаннан гөрі күйеуімнің соқыр қалпында қалғаны артық» деп жауап береді. Бұл жерде Шәкәрім әңгіме барысында Сағдидің философиялық түйінін өзіндік ұлттық реңкте, қазақи түсінікпен жеткізеді. Байдың жақын досының «Күйеуінің көзін аямаған кісі досының көңілін аяр ма? Енді достықтан айырылайық» [2, 489] деген сөзі арқылы автор қазақ оқырманына ұғындыру үшін өзіндік философиялық тұжырым жасайды.

Шәкәрімнің шығармашылық еркіндігі мен терең дүниетанымын түсіну үшін оның тек шығыс әдебиетінен ғана емес, сонымен қатар батыс әдебиетінен де алған үлгілерін қарастыру

керек. Өмірінің соңғы жылдарында Шәкәрімнің жалғыздықта өткізген күндерінде, оның рухани серігі болған Гарриэт Бичер Стоудың «Том ағайдың балағаны» романы ерекше маңызға ие болды. Өкінішке орай, бұл аударма біздің заманымызға жетпесе де, Шәкәрімнің Әуіпшіке арнаған өлеңдерінде Стоудың кейіпкерін ерекше сүйіспеншілікпен еске алуы, оның бұл шығарманы қаншалықты терең сезініп, қабылдағанын көрсетеді.

Шәкәрім аудармалары арқылы тек басқа халықтардың әдеби мұраларын қазақ тілінде сөйлетіп қана қоймай, олардың түпкі мәнін, философиялық және рухани тереңдігін қазақ оқырманына жақындатып, ұлттық санаға сәйкес жаңа деңгейде жеткізді. Бұл – Шәкәрімнің аудармашылық қызметіндегі ең басты ерекшеліктердің бірі және оның әдебиетке қосқан теңдессіз үлесі.

Шәкәрімнің өмірінің мәні адал еңбек пен әділеттілікке деген сенімінде терең тамыр жайғанын ескерсек, оның Том ағайдың құлдықтағы тағдырына ерекше назар аударуы терең рухани үндестіктің нәтижесі екені айқын көрінеді. Шәкәрім үшін адал еңбек – адамның бостандығы мен шынайы бақытының негізі. Алайда, Том ағай сияқты еңбекқор, әділ жанның ауыр құлдықта өмір сүруі Шәкәрімнің дүниетанымында адамгершілік пен әділеттілікке қарсы келетін қайшылықты жағдай ретінде қабылданды. «Жағымсыз қылықтардың ішінде арға ең ауыр тиетіні не?» [9]. Бұл әділетсіздік, Шәкәрімнің көзқарасында, адамзат қоғамының ең үлкен қасіреттерінің бірі, адам табиғатына жатпайтын ауыр жүк ретінде көрінді.

Шәкәрімнің гуманистік көзқарасы «құл болу» ұғымымен мүлдем үйлеспейді, ол үшін бұл ұғым адамды адамгершілік қасиеттерінен айыратын, оның еркіндігі мен қадір-қасиетін таптайтын ең төменгі деңгейдегі әлеуметтік әділетсіздіктің көрінісі болды. Шәкәрім өзінің шығармашылығы арқылы өмірдегі әділетсіздікпен, әлеуметтік теңсіздікпен күресіп, адамзаттың рухани көтерілуіне, қоғамның түзілуіне ұмтылды. Сол себепті де оның назарын Гарриэт Бичер Стоудың шығармасы аударды: бұл шығармада бейнеленген құлдық өмірдің қасіреті мен әділетсіздігі Шәкәрімнің өз халқына тән рухани күрестің көрінісі ретінде қабылданды.

Шәкәрім қазақ халқының тарихи тағдыры мен оның шынайы тәуелсіздікке жету жолындағы күресін терең түсінгендіктен, батыс әдебиетінің осындай тақырыптағы шығармаларына ерекше назар аударды. Көзі ашық, көкірегі ояу әрбір жас «жақсы білім іздеуден жалықпауы керек» дейді [10, 15]. Егер шығыс ақындарының туындылары оның жастық шағында рухани-эстетикалық тәрбиесін қалыптастыруда маңызды рөл атқарса, батыс әдебиеті Шәкәрімнің әлеуметтік әділеттілік пен халықтың бостандығы туралы ойларын одан әрі тереңдетте түсті. Ол батыс әдебиетіндегі халық пен билеуші арасындағы күресті бейнелейтін шығармалар арқылы қазақ қоғамының да әлеуметтік теңсіздік пен әділетсіздік мәселелерін тереңірек түсінді.

Шәкәрім үшін Том ағайдың бейнесі – қазақ қоғамындағы әділетсіздікке қарсы күрестің символы болды. Ол бұл бейнені қазақ оқырмандарына ұсыну арқылы еңбек пен әділеттің құндылығын, азаттық пен теңдіктің мәнін түсіндіруге ұмтылды. Осы арқылы Шәкәрім батыс әдебиетіндегі озық үлгілерді қазақ әдебиетіне енгізіп қана қоймай, оларды қазақтың рухани қажеттіліктеріне бейімдеп, өз халқының әлеуметтік жағдайына сәйкестендіріп, жаңаша мазмұнда жеткізді.

Шәкәрімнің осындай терең рухани және әлеуметтік түсінікке негізделген аудармалары ұлттық әдебиетте ерекше орын алады. Олар оның шығармашылық мұрасының ажырамас бөлігі болып, қазақ халқының рухани өмірін байытты, оны жаңа биіктерге көтерді. Шәкәрімнің аудармашылық қызметі тек әдебиеттегі жаңашылдық емес, сонымен қатар ұлттың рухани жетілуіне, оның болашаққа деген сенімін нығайтуға бағытталған зор рухани күш болды.

**Нәтижелер.** Шәкәрім, Абайдан кейінгі қазақ әдебиетінің шоқтығы биік тұлғаларының бірі, шығыс классикалық әдебиетінің рухани тереңдігін өз шығармаларында сарқа пайдаланды. Шәкәрімнің шығармашылық әлемі, оның ұстазы Абайдың жолын қуып, шығыстың көркемдік-эстетикалық мұрасын игеріп, оны өз шығармашылығында жаңа

биіктерге көтерумен ерекшеленеді. Шығыс әдебиетінің жауһарларын терең түсініп, олардан шабыт алған Шәкәрім, ежелгі сөздердің мәңгілік құндылығын терең сезінді. Оның «Дүние мен өмір» өлеңіндегі: «Қайғы көрсем: «дүниенің жалғандығы, – Дедім – алдап, мінеки, алғандығы». Ол не десең бұрынғы жазғандардың сөзі орнығып көңіліме қалғандығы» [2, 63] деген жолдары, ақынның рухани әлемінде өткен ғасырлардан жеткен мұралардың қаншалықты терең із қалдырғанын көрсетеді. Шәкәрім бұл мұраларды жай ғана пайдаланып қойған жоқ, оларды өз шығармашылығында қайта жаңғыртып, әдебиет әлеміне жаңа бояу, жаңа мазмұн енгізді.

Шәкәрімнің шығармаларында шығыс әдеби дәстүрлерінің ықпалы кеңінен байқалады. Оның өз заманының классикалық шығыс сюжеттерін қолдануы тек әдеттегі әдеби тәсіл емес, бұл оның ішкі жан дүниесінің, рухани ізденістерінің, шығыстың терең философиясымен, эстетикалық құндылықтарымен үндестігі болды. Алайда, Шәкәрім бұл дәстүрлерді жай қабылдаушы ретінде емес, сындарлы талдаушы және жаңа мазмұн беруші ретінде қабылдады. Ол шығыс әдебиетінің ұлы тұлғалары – Фирдоуси, Физули, Сағди шығармаларынан шабыт алып, оларды өз шығармашылық сүзгісінен өткізіп, ерекше талғаммен қайта жырлады. «Бір тақырыптың әр ақында қайталануы ешқашан аударма деп танылмауы керек. Бұл – өзінше бір қайта жырлау, тыңнан толғау немесе ақындық шеберлікті сынасу» [3, 150] деген тұжырым, Шәкәрімнің шығыстық дәстүрлерді жаңғыртудағы шығармашылық ерекшелігін терең түсінуге жол ашады. Шәкәрімнің шығармашылығы – шығыс пен қазақ әдебиетінің тоғысуында туған, ерекше эстетикалық құбылыс.

Шәкәрімнің шығыс әдебиетінің терең дәстүрлерін шебер меңгеріп, өз шығармашылығында айқын көрініс тапқан ең маңызды туындыларының бірі – «Ләйлә-Мәжнүн» дастаны. Бұл шығармада Шәкәрім шығыстың ұлы ақыны Физулидің осы аттас дастанын негізге алғанын ашық білдіреді. Поэmanın кіріспесінде Шәкәрім былай деп жазады: «Мәжнүннің Ләйліменен аз жұмысы, Өне сол шын ғашықтың қылған ісі. Бұлардың әпсанасын жазған адам – Физули Бағдади деген кісі. Ондай ғып еш бәйітші жаза алмаған. Нақысын шын келтіріп қаза алмаған. Кітабын Физулидің іздеп тауып, Кез болды былтырғы жыл әзер маған. Мен оның келтіре алман мыңнан бірін, Айтуға тіл жетпейді тәтті жырын. Мәжнүннің атын білер, жайын білмес, Қазаққа ұқтырайын біраз сырын» [4, 349]. Бұл жолдар Шәкәрімнің шығыс әдебиетіне деген терең байланысы мен шығыс ақындарының мұраларына құрметін айқын көрсетеді.

Шәкәрімнің шығармашылық жолы шығыс әдебиетінің ұлы тұлғаларынан үйренудің маңызды орын алғанын дәлелдейді. Алайда, оның әдеби мұрасы тек діни немесе исламдық бағытпен шектелмейді. Шәкәрімнің поэзиясы мен философиясы жалпы адамзаттық құндылықтарды қамтиды, бұл оның шығармаларын ерекше рухани деңгейге көтерген. Осы рухани биіктік Шәкәрімді «Ләйлә-Мәжнүн» дастанын қайта жазуға итермеледі, өйткені бұл шығарманың негізгі тақырыбы – мәңгілік махаббат – Шәкәрімнің философиялық көзқарасына терең үйлесім тапты.

Шәкәрімнің «Ләйлә-Мәжнүн» дастанын жазудағы басты мақсаты – қазақ оқырмандарына шығыс әдебиетінің озық үлгілерін ұсыну және мәңгілік махаббат идеясын қазақ мәдениетіне енгізу болды. Бұл шығарманың сюжеті мен оқиғалары қазақ фольклорынан ерекшеленгендіктен, Шәкәрім өз оқырмандарына жаңа шығармашылық бағытты таныстыруды мақсат етті. Ол өз шығармашылығында: «Мәжнүннің атын білер, жайын білмес, Қазаққа ұқтырайын біраз сырын» – деп, шығыс әдебиетінің терең әрі нәзік ойларын қазақ оқырмандарының түсінігіне жеткізуді көздейді. Бұл сөздер оның шығармашылық ізденістерінің тереңдігін және шығыс әдебиетіне деген ерекше сүйіспеншілігін айқын көрсетеді.

Шәкәрімнің басқа халықтардың әдеби дәстүрлеріне деген терең құрметі оның шығармашылығында ерекше орын алады. Мысалы, «Дубровский әңгімесінің» кіріспесінде ол А.С. Пушкиннің поэзиясын жарық жұлдызға теңеп, оның шығармашылығына тек ең талантты тұлғалардың ғана қол жеткізе алатынын көрсетеді. Бұл Пушкиннің поэзиясына

деген Шәкәрімнің терең құрметін, сондай-ақ оның әдебиетке ерекше көзқарасын білдіреді.

Шәкәрімнің Физулидің шығармашылығына деген құрметі де ерекше. Ол Физулиді өзіне ұстаз ретінде қабылдап, оның «Ләйлә-Мәжнүн» дастанын қайта жырлау арқылы қазақ оқырмандарына шығыс әдебиетінің терең рухани байлығын жеткізуді мақсат тұтты. Бұл Шәкәрімнің шығыс поэзиясына деген терең байланысын және оның қазақ әдебиетіне қосқан үлесін айқын көрсетеді.

Шәкәрімнің шығармашылық жолында шығыс әдебиетінен алынған сюжеттер ерекше орын алады. Оның «Бір ханның кеудесіне жара шыққан» [2, 152], «Бір ханда екі ұл бопты бір туысқан» [2, 157], «Наушеруан аңда жүріп киік атқан» [2, 156], «Аңда жүріп шөлдеген Ашам патша» [2, 163] сияқты шығармалары Мүшрифәддин Сағдидің «Гүлстан» және «Бустан» дастандарындағы оқиғалармен үндеседі. Шәкәрім осы шығармаларда Сағдидің хикаяларындағы кейіпкерлерді жаңаша баяндап, шығыс әдебиетінің дәстүрлерін қазақ әдебиетіне шебер түрде енгізді.

Шығыс әдебиетінің нәзира дәстүрі бойынша, бір тақырыпты әр дәуірдегі ақындар қайта жырлайды, бірақ әрқайсысы өз заманының көркемдік талаптарына сай шығармашылық өзгерістер енгізеді. Шәкәрім осы дәстүрді терең меңгеріп, оны өзінің шығармашылық әдістерінде ерекше шеберлікпен қолданды. Мысалы, «Ләйлә-Мәжнүн» дастанында Физулидің нұсқасынан таңдап алынған тарауларды өңдеп, өз шығармашылық мақсаттарына сәйкес өзгертті. Сағди дастандарындағы оқиғаларды да солай өңдеп, өз әдеби көзқарасын білдірді. Бұл Шәкәрімнің шығармашылық тәлімінің тереңдігін, шығыс әдебиетінің дәстүрлерін жаңа деңгейде жаңғырту қабілетін көрсетеді.

Шәкәрімнің негізгі мақсаты – бұл оқиғалар арқылы оқырманға пайдалы ғибрат беру, сол себепті ол шығыс сюжеттерін қазақтың тұрмысы мен түсінігіне жақындатып, «қазақыландыруға» тырысқан. Кейде ол бірнеше ежелгі жырдың сюжеттерін біріктіріп, жаңадан туынды жасайды немесе шығыс оқиғасына өз мазмұнын қосып, өз түйінін ұсынады. Мысалы, Сағдидің «Гүлстан» дастанының қырық төртінші хикаясында мынадай жайт баяндалады:

«Бағдатта абыройлы шал бар еді,  
Етікші соның қызын алған еді.  
Ернінен байы әйелін қыршып апты,  
Қансаулап тоқтамастан ыршып ақты.  
Қызының бұл азабын естіп, әкесі таңертең күйеу баласына ашу-ызасын төгеді:  
«Мақұлық, тіс дегеннің жөні бөтен,  
Ерінді мұнша шайнап... тері ме екен!» [4, 136].

Сағди осы оқиғаны адам бойындағы жаман әдеттердің ешкімге де жақсылық әкелмейтіні туралы оймен қорытындылайды. Шәкәрім бұл сюжетті өзінің «Кейде күлкілі сөзден де тәлім алуға болады» атты шағын прозалық шығармасында қолданады. Алдымен ол шығыс өлеңінің мазмұнын қара сөзге айналдырады, содан соң осы сюжетке өз тарапынан толықтырулар енгізеді. Мысалы, қыздың әкесі ренжігенде күйеу баласы былай деп ақталады: «Атамай! Жаза менде емес, қызыңыздың ерні тым қызыл болғандықтан, мен байғұс дәулетім аздығынан тапшы сапиян көзелдерді тістеп, созып қалыпқа тартушы едім. Қызыңыздың ернін сорып жатқанда қызыл сапиян есіме түсіп, сол екен деп тістеп сорып жібердім. Ерні оншалық қызыл болмаса, мен соншалық сорар ма едім». Бұл сөздер күлкі үшін ғана айтылмаған; Шәкәрім осы арқылы еңбектің мәнін, оның дұрыс бағытта жұмсалуды керектігін философиялық тұрғыдан жеткізеді: «Бұл күлкі үшін айтылған сөз емес, еңбектің де еңбегі бар. Орнына жұмсалмаған еңбек, зұлымдыққа жұмсалған ақыл отқа түскен көбелекпен бірдей» [8, 488]. Осылайша, Шәкәрім қарапайым сюжетті өз шығармашылық мақсатына сәйкес философиялық мәнге толтырып, оны жаңа оймен байытады. «Поэзия көбінесе философиялық идеяларды зерттейтін және білдіретін құрал ретінде қызмет етеді. Поэзияда тілдің күрделі қолданылуы эмоционалды тереңдікті интеллектуалды зерттеулермен үйлестіре отырып, дерексіз ұғымдарды қарастыруға мүмкіндік беретіндіктен» [11] Шәкәрім шығармашылығы өз құндылығын жоғалтпайды.

**Қорытынды.** Қорытындылай келе, Шәкәрімнің әлем әдебиетінің кез келген шығармасына терең философиялық және рухани тұрғыдан қарағанын айрықша атап өту қажет. Ол әртүрлі халықтардың әдеби мұраларында кездесетін сюжеттерді жай ғана пайдаланып қоймай, олардың астарындағы мағынаны терең түсініп, оны өз дүниетанымымен үйлестіре білді. Шәкәрімнің бұл қабілеті оның кең ауқымды білімі мен әлемдік мәдениетке деген зор қызығушылығынан туындаған. Ол басқа халықтардың әдебиетіндегі ғибратты ойларды қазақ қоғамына жеткізу үшін оларды өз жүрегінен өткізіп, ұлттық танымға сай қайта жырлап, сол арқылы жаңа мән-мағына беріп, оқырманға ұсынды.

Шәкәрімнің шетелдік туындыларды қазақ тіліне аударудағы мақсаты қарапайым аудармадан әлдеқайда терең болды. Ол бұл шығармаларды өз рухани ізденістерінің, жан толғаныстарының айнасы ретінде қабылдап, олардың негізінде адамзаттың ортақ құндылықтарын түсініп, өз халқының игілігіне қызмет етті. Әлем әдебиетінің озық үлгілері арқылы Шәкәрім өз халқының рухына адамгершілік, әділеттілік, ізгілік және рухани тазалық туралы ұлы идеяларды сіңіруге ұмтылды. Ол әрбір аудармасында түпнұсқаның терең философиялық мәнін сақтап қана қоймай, оны қазақтың ұлттық санасына жақындатып, жаңа реңк берді. Шәкәрімнің осы шығармашылық әдісі оны тек аудармашы ғана емес, мәдениетаралық дәнекер, рухани ұстаз ретінде танытады.

Бүгінде бізге жеткен Шәкәрімнің мол мұрасы оның көркемдік шеберлігі мен терең ойшылдық қабілетінің, философиялық көзқарасының куәсі. Шәкәрімнің шығармалары – оның ақындық, азаматтық, ойшылдық және данышпандық бейнесін мәңгілік етіп, оны қазақ руханиятының ең биік тұғырларының біріне қоятын құнды мұралар. Оның шығармашылығын зерттей отырып, біз Шәкәрімнің әлем әдебиетінен аударған туындыларын ғана емес, сонымен бірге оның осы аудармалар арқылы өз халқының рухани өміріне қалай ықпал еткенін де көреміз. «Данышпан ақын, философ Шәкәрім Құдайбердіұлы өзінің поэзиясында ар-ождан мәселесін қозғап, оның негізгі мәнін көрсетеді... Өлеңдерінде моральдық мәселелер туралы айта отырып, ақын әр оқырманды ойлануға шақырады» [5, 238].

Дегенмен, Шәкәрімнің ең басты рухани қайнары – қазақ халқының бай ұлттық фольклоры мен өз әдебиеті болды. Ол осы ұлттық мұраларды әлем әдебиетінің інжу-маржаңдарымен шебер ұштастырып, қазақ әдебиетінің көкжиегін кеңейтіп, жаңа мазмұнмен байытты. Шәкәрімнің шығармашылық мұрасы оның тек қазақ әдебиетінің емес, бүкіл адамзаттың рухани қазынасына қосқан ұлы үлесі ретінде мәңгі жасайтын болады.

## Әдебиеттер

1. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т. 18. – Алматы: Жазушы, 1985. – 448 б.
2. Құдайбердіев Ш. Шығармалары. – Алматы: Жалын, 1988. – 560 б.
3. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: Қазақ мемлекеттік Көркем әдебиет, 1959. – 556 б.
4. Сағди. Гүлстан (ауд. М. Әлімбаев). – Алматы: Жазушы, 1991. – 272 б.
5. Нурланова А.Н., Сейпутанова А.К., Жәмсап А.Т. Ш. Құдайбердіұлы поэзиясындағы «ар-ұждан» категориясы // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – 2023. – № 4. – Б. 238-247.
6. Құдайбердіұлы Ш. Иманым. – Алматы: Арыс, 2000. – 321 б.
7. Құдайбердіұлы Ш. Үзілмеген үміт. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. – 664 б.
8. Құнанбайұлы А. Абай. Қара сөздері. – Алматы: Өнер, 2006. – 124б.
9. «Толстой мен Шәкәрім немесе ұлылар аңсаған хақ жолы» URL: <https://adebiportal.kz/kz/news/view/20265>
10. Құдайбердіұлы Ш. Қазақ айнасы. – Алматы: Атамұра, 2003. – 296 б.
11. Bibliographic Reference: Gregory Currie, «The Moral Psychology of Fiction», Australasian Journal of Philosophy, 73(2): 250–259.

**К.К. ТУРСЫНХАНОВА, Р.М. МУКАЖАНОВА**  
«Alikhan Bokeikhan University» БМ, Семей, Казахстан

### **ПОЭТИЧЕСКАЯ БИБЛИОТЕКА ШАКАРИМА**

**Аннотация.** Цель данной статьи заключается в глубоком исследовании и выявлении стилей западной и восточной литературы в творчестве Шакарима, а также в анализе их гармоничного сочетания. Основное внимание уделяется дифференциации художественного генезиса его творчества, с акцентом на традиционные особенности, характерные как для богатого фольклорного наследия казахского народа, так и для классической восточной поэзии.

Научное значение работы заключается в том, что Шакарим не просто использовал ранние литературные традиции, подражая им, а стремился раскрыть уникальность своего художественного видения, добавляя собственные краски и интерпретации. Это позволяет читателям увидеть как традиционные элементы были переработаны и преобразованы в новом контексте.

Особое внимание уделено анализу традиции обмена сюжетными линиями между произведениями Шакарима и восточного поэта Саади, а также рассмотрению вопросов времени, общества и человека в его творчестве. Взаимосвязь этих аспектов позволяет глубже понять авторскую идею и поэтическую позицию.

В теоретико-методологической основе исследования лежат труды таких ученых, как А. Тажибаев, Ш. Сатбаева, М. Магауин, Б. Абдигазиев и другие. Результаты работы раскрывают, как вопросы историчности, времени и пространства в произведениях Шакарима объясняются через его уникальную систему художественного мышления.

Методы исследования включали анализ, наблюдение, дифференциацию фактологического материала, а также описание, компонентный анализ и моделирование языковых ситуаций. Практическая значимость статьи заключается в её использовании в качестве дополнительного учебного материала для подготовки к лекциям и семинарам в высших учебных заведениях.

**Ключевые слова:** творчество Шакарима, шакаримоведение, поэтический мир Шакарима, писательский мир Шакарима, переводческий мир Шакарима, философия Шакарима, поэма «Лайли и Маджнун», переводы Шакарима.

**K.K. TURSINKHANOVA, R.M. MUKAZHANOVA**  
«Alikhan Bokeikhan University» BM, Semey, Kazakhstan

### **SHAKARIM POETRY LIBRARY**

**Annotation.** The purpose of the article is to identify the styles of Western and Eastern literature in Shakarim's work and analyze their harmony. The main idea is to examine the artistic genesis of Shakarim's work, focusing on its traditional features characteristic of Kazakh folklore, folk poetry, the work of zhiraus, and classical oriental poetry.

The scientific and practical significance lies in Shakarim's ability to not only skillfully use early literary traditions but also to artistically present these elements to readers in a unique and enriched manner. The article analyzes the features of storyline exchange traditions in the works of Shakarim and the Eastern poet Saadi.

It also addresses the problems of time and human existence, society and time, their interrelation, and various social phenomena in Shakarim's work, highlighting the individuality of his poetic position and author's idea.

Theoretical and methodological foundations include the opinions of scholars such as A. Tazhibayev, Sh. Satbayeva, M. Magauin, B. Abdigaziev, and others. The main result is an explanation of historicity, time, and space issues in Shakarim's epic poetry based on his unique artistic thinking.

The study employs methods of analysis, observation, and differentiation of factual material, including description, component analysis, and modeling of linguistic situations. The practical



significance is that this article can serve as additional educational material for lectures and seminars in higher education.

**Keywords:** Shakarim's work, Shakarim studies, Shakarim's poetic world, Shakarim's writing world, Shakarim's translation world, Shakarim's philosophy, the poem «Laili and Majnun», Shakarim's translations.

### References

1. Äuezov M. Jyрма tomdyq шығармалар жинағы. Т. 18. – Алматы: Jазушы, 1985. – 448 б.
2. Qūdaiberdiev Ш. Шығармалары. – Алматы: Jалын, 1988. – 560 б.
3. Äuezov M. Äр jyлдар oilary. – Алматы: Qazaq мемлекеттік көркем әдебиет, 1959. – 556 б.
4. Saғdi. Gülstan (aud. M. Älimbaev). – Алматы: Jазушы, 1991. – 272 б.
5. Nurlanova A.N., Seiputanova A.K., Jämsap A.T. Ш. Qūdaiberdiūly poeziasyndaғы «ar-ūjdan» kategoriasy // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ Habarşysy. – 2023. – № 4. – B. 238-247.
6. Qūdaiberdiūly Ш. İmanym. – Алматы: Arys, 2000. – 321б.
7. Qūdaiberdiūly Ш. Üzilmegen ümit. – Алматы: Halyqaralyq Abai kluby, 2008. – 664 б.
8. Qūnanbaiūly A. Abai. Qara sözderi. – Алматы: Öner, 2006. – 124 б.
9. «Tolstoi men Şäkärim nemese ūylar añsağan haq joly» URL: <https://adebiportal.kz/kz/news/view/20265>
10. Qūdaiberdiūly Ш. Qazaq ainasy. – Алматы: Atamūra, 2003. – 296 б.
11. Bibliographic Reference: Gregory Currie, «The Moral Psychology of Fiction», Australasian Journal of Philosophy, 73(2). – pp. 250–259.

### Авторлар туралы мәлімет:

**Тұрсынханова Құралай Қайратқызы** – «Alikhan Bokeikhan University» БМ докторанты, Семей, Қазақстан.

**Тұрсынханова Куралай Кайратовна** – докторант «Alikhan Bokeikhan University», Семей, Қазақстан.

**Tursynkhanova Kuralai Kairatovna** – doctoral student of the BM «Alikhan Bokeikhan University», Semey, Kazakhstan.

**Мұқажанова Раушан Мұратқанқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, «Alikhan Bokeikhan University» БМ аға оқытушысы, Семей, Қазақстан.

**Мухажанова Раушан Муратқановна** – кандидат филологических наук, старший преподаватель «Alikhan Bokeikhan University», Семей, Қазақстан.

**Mukhazhanova Raushan Muratkanovna** – candidate of philological Sciences, senior «Alikhan Bokeikhan University» BM, Semey, Kazakhstan.